




«Ақбота» бөбекжай
сының меңгерушісі
И.Хожамуратова

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: «Жыл мезгілдері»



Ересек топ «Ақбота»

Тәрбиеші: Ж.С.Төлегенова

Шымкент 2021 ж

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Ересек топ «Ақбота»

Білім беру саласы: «Қатынас», «Таным», «Әлеуметтік орта» «Шығармашылық»

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Қарапайым математикалық ұғымдарды

калыптастыру, Қоршаған ортамен таныстыру, Сурет салу, Жапсыру

Тақырыбы: «Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін ажыратып айта білуге, жыл мезгілдерін суреттеп, әңгімелей білуге пысықтау, сөздік қорларын байыту, ойлау, қиялдау, сөйлеу мәдениетін дамыту, Табиғат көрінісін

сипаттай білуге дағдыландыру. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Көрнекілік құралдар: Лулия шеңбері, жыл мезгілдерінің және оның құбылыстарының суреттері, слайд, сергіту сәтінің, түрлі- түсті геометриялық пішіндер.

Билингвальды компонент: жыл мезгілдері- времена года, көктем- весна, жаз- лето, күз- осень, қыс- зима.

Сөздік жұмыс: «Қайырымды бұлт».

Мерзімі/Дата:

Тәрбиеші: Ж.С. Төлегенова

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық ойды ояту	Шаттық шеңбер Біз ерекше баламыз, Айтқан тілді аламыз. Достарымды көргенде, Қуана қарсы аламыз! Сәлем, сәлем, достарым! -Сәлеметсіңдер ме, балаларлар! -Сәлеметсіздер ме, қонақтар! - Ал балалар көңіл күйлерің қалай ?	Балалар шаттық шеңберде тұрып, қайталап айтады. -Жаксы
	Ендеше оқу қызметімізді бастамас бұрын бүгінгі ауа райын бақылап алайық. Тақтадағы шеңберде ауа райы белгілері бар, сағат тілімен пайдалана отырып оның ішіндегі ауа райын белгілейтін суреттерге бағыттаймыз. Кәне терезеге қарайық далада күн шығып тұр ма? -Аспандағы бұлттардың түстері қандай? -Ендеше қазір жылдың қай мезгілі? - Балалар, бір жылда неше жыл мезгілі бар? - Жыл мезгілдерін сипаттап беріндерші? - Жарайсындар, балалар! -Балалар, енді сендермен «Орнын тап?» ойынын сиқырлы сағатпен ойнайық. Мақсаты: Шеңбердегі жыл мезгілдерінің суреттері мен құбылыстарды сәйкестендіре отырып, сөз тіркестерін, жай сөйлемдер құрап үйрену. Шарты: Берілген суреттер бойынша сұрақтарға жауап бере отырып, суреттерді сағаттың тілімен қосу. Жыл мезгілдерінің құбылыстарын толық айтып өтейікші?	Ұсынысқа келіседі. -Ия -Ашық көк түсті. -Күз мезгілі -Төрт жыл мезгілі бар. -Көктемде- жаңбыр жауады. -Жазда -күн ыстық болады. -Күзде -жел соғады. -Қыста- қар жауады Күзде күн суыта бастайды, адамдар жылы киінеді, жиі жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғайып жерге түседі.

Жарайсындар балалар!

Балалар, есімізге түсіріп көрейікші біз қандай ертегілерді білеміз?

-Жарайсындар! Ендеше біз «Қайырымды бұлт» ертегісін айтамыз

Сөздік жұмыс: «Қайырымды бұлт» сөздерінің мағынасын түсіндіреді.

Таңертең анасы баласына:

-Тез киін! Бүгін күн ерекше шуағын төгіп тұр. Серуендеп қайтайық! - деді.

Осы кезде аспанды аяқ астынан бұлт торлайды.

Қыдыруға көңілі кеткен бала бар жоспарын бұзған бұлтқа ренжіп қалады.

-Аспаннан кетші! Сен маған қыдыруға кедергі жасап тұрсың! Мұны естіген бұлт төменірек ұшып келіп, баланың терезесіне үніледі:

-Қыдырғың келе ме? Жүр, мен сені аспанды аралатып қайтайын. Бала қуанып, бұлтқа секіріп мініп алады. (ертегіні әрі қарай жалғастыру)

-Балалар ертегі сендерге ұнады ма?

-Бұл не үшін қайырымды деп ойлайсындар.

-Балалар енді бойымызды жазып бір сергіп алайық.

Адамдар егіндерін орып, астықтарды жинайды. Жемістер мен көкөністер піседі. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

-Қыста аспаннан қар жауып күн суық болып, боран соғады. Аяз болып, сулар мұз болып қатады. Адамдар қалың киімдерін киеді. Балалар қыста шанамен сырғанайды, қар лақтырып ойнайды.

-Көктемде күн жылына бастайды, қар еріп жылғалардан су ағады. Жердегі тіршіліктер оянып, жасыл шөптер шығады. Түрлі гүлдер гүлдеп, ағаштар бүршік жарып айнала жасыл түске енеді. Жаңбыр жиі жауып, найзағай ойнайды. Құстар ұшып келеді.

-Жазда күн ыстық болады. Адамдар жеңіл киінеді. Жидектер піседі. Суға шомыламыз, құммен ойнаймыз.

-«Шалқан», «Үйшік», «Бауырсақ», «Мақта қыз бен мысық», «Үш торай»,

-Мейірімді, жақсы, көмектеседі.

слайдқа назарларын аударады, ертегіні тыңдайды

	Сергіту сәті. Кұстар келді балақай Көктем келді алақай Жаз келіпті жадырап Шомыламыз балақай Жаңбыр жауды тамшылап Жерге түсті жапырақ Қар жауады аспаннан Шаңғы ойнаймыз алақай Барлық мезгіл тамаша Біз ойнаймыз таласа - Балалар,біз жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айттық,ертегі айттық.Сергіту сәтін жасадық.Енді,біз осы мезгілдерге түстерді тандап берейікші! -Жарайсындар,балалар! Түстерді тандап алдық. Енді осы түстерді алып шығармашылық алаңына барайық. Шығармашылық:Алдымыздағы ағаш бейнелерін жыл мезгілдерінің құбылыстарына сай безендіреміз. 1.Көктем мезгілі:Мақталы таяқшаны бояуға батырып мөрлеу әдісімен көктем бүршіктерін саламыз. 2.Жаз мезгілі:Ағаш бейнесіне умаждалған қағазбен жасыл түсті бояуға батырып жаз мезгілін безендіреміз. 3.Күз мезгілі:Күз бейнесін жасау үшін жапырақ пішінді картонның ішін бояп шығамыз 4.Қыс мезгілі: Жұмсақ қағаздан жасалған қар ұлпаларын ағаш бұталарына жапсырып шығамыз.	-Қолдарын қағады -Қолдарын шапалақтайды -Қолдарын созады -Жүзу қимылын көрсетеді -іс-қимылмен көрсету -балалар отырады -төбеге қарап қолдарын қимылдатады 1. Бақшаларға гүл егіп, Жемістерді тереміз. Дала жасыл түске еніп, Жасыл көктем келеді. Көктем мезгіліне жасыл түсті тандаймыз. 2. Жазды күні шілдеде. Жеміс пісіп толады. Қызыл-жасыл гүлдерге. Көбелектер қонады. Жаз мезгіліне қызыл түсті тандаймыз. 3. Сап сары маңай, Сап сары тоғай, Соңғы әнін айтып Құс кетті қайтып Күз мезгіліне сары түсті тандаймыз. 4.Айналаға қараңыз, Аппақ бопты даламыз. Аппақ тонды киіп ап, Ауламызға қараңыз. Қыс мезгіліне ақ түсті тандаймыз. -жасыл түсті үшбұрыш, -қызыл түсті төртбұрыш -сары түсті дөңгелек. -ақ түсті сопақша.
--	--	--

Рефлексиялық түзетушілік	-Жарайсыңдар,балалар!Шығармашылықтарың да өте әдемі болды. -Сендерге ұнады ма? -Біз қандай ойындар ойнадық? -Қандай ертегі айттық? -Жыл мезгілдеріне қандай түстерді таңдадық? -Бүгін сендер ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар. Ал енді, балалар, бәріміз қонақтармен қоштасайық. Сау болыңыздар!	Балалар сұрақтарға жауап береді. Қол ұстасып тұрайық. Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы Сау-саламат болайық.
--------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

1. Нені білу керек: Жыл мезгілдерін ажыратып, табиғат көрінісін сипаттай біледі
2. Нені игереді: Ертегіні өз беттерінше айтып, тіл дамытуға арналған ойындар арқылы сөз тіркестерін құрауды.
3. Нені біледі: Жыл мезгілдерінің құбылыстарын,суреттерді бояп,өз қиялдарымен суреттерді аяқтауды игерді.

